

Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 18 қарашадағы "Облыстық коммуналдық мүлікте иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлерді айқындау туралы" № 344/11 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 125/3 қаулысы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 18 қарашадағы "Облыстық коммуналдық мүлікте иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлерді айқындау туралы" № 344/11 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4219 тіркелді, 2015 жылғы 27 ақпанда "Регион.kz" газетінде жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

2. "Павлодар облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының көшірмесін аумақтық әділет органына бір апта мерзімде жодауды;
осы қаулының мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
осы қаулының Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ғ.Қ. Сәдібековке жүктелсін.

*Облыс әкімінің
міндетін атқарушы*

Д. Тұрғанов